



Өнер, уақыт және дәстүр: музейдегі кездесу

2026 жылдың 8 қаңтарында Күміс университеті бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы Ұлттық орталық музейінде кезекті дәріс өтті. Дәрісті Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Өнертану факультеті», «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, білікті маман, тәжірибелі өнертанушы Л.А. Кенжебаева жүргізді.

Дәріс барысында тыңдармандар музейдің «Этнография» бөліміндегі қазақ халқының материалдық мәдениетіне қатысты бірегей жәдігерлермен танысып, XIX–XX ғасырлардағы күміс зергерлік бұйымдарға өнертанулық талдау жасалды.

Іс-шараның екінші бөлімі Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының «УАҚЫТ ЖАҢҒЫРЫҒЫ» атты республикалық есептік көрмесіне арналды. Көрме қазақ бейнелеу өнеріндегі тарихи сабақтастық пен көркемдік дәстүрдің жалғастығын айқын көрсетті.